

Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі Басшилi ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшіні жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 47 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 тамызда № 6371 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 25.06.2020 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 2-12-4/113 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округінің Басшилi ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

